«Бекітемін»
Ы.Алтынсарин атындағы
тірек мектебі жанындағы интернат
директорының м.а. _____Д.Б.Бакаев

«Жас Ұлан, Жас Қыран» балалар мен жасоспірімдер ұйымының 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары

№	Іс шаралар жоспарының тақырыбы	Мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауапты
1	1. Оқушылар қазақ тілін білу, Қазақстан Республикасының мемлекеттілік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздерін білуге арналған онлайн форматта тәрбие сағаттарын өткізу 2. «Қазақстан Республикасы рәміздерінің үздік қолданылуы және насихатталуы» байқауын өткізу	Қыркүйек	Жиналыс хаттама	Аға тәлімгер
2	1. «Отбасы күнін» мерекелеу аясында «Отбасы – бақыт мекені» республикалық апталық өткізу. Арнайы жоспарлар әзірлеу	қыркүйек	Жиналыс хаттама	Аға тәлімгер
3	1.2022-2023 оқу жылының қорытындысы 2.Мектеп комитеті мүшелерін сайлау 3.2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспар	қыркүйек	Жиналыс хаттама	Аға тәлімгер
4	1. «Ұстаздар күні» мерекесін өткізу 2. Күз мезгіліндегі мерекелерді жоспарлап, ұйымдастыру «Тапқыр достар» интелектуалды ойын	қазан	Жиналыс хаттама	Аға тәлімгер
5	1.«Шығармашылық-шыңдайды шеберлігін» оқушылар арасында көрме байқауын ұйымдастыру. 2.Киберкауіпсіздік, кибергигиена, кибермәдениет мәселелері бойынша мектепте оқыту семинарларын ұйымдастыру	желтоқсан	Жиналыс хаттама	Аға тәлімгер
6	1.«Менің болашақ мамандығым» тәрбиелік шара өткізу 2.Бастауыш сынып және 5-7 сынып оқушылары арасында «Отбасы – бақыт мекені», «Мен және менің полициям» тақырыбында сурет көрмесі мен сурет, шығарма байқауларын өткізу туралы	Қаңтар	Жиналыс Хаттама	Аға тәлімгер

Сканировано с CamScanner

Интернеттің пайдасы мен зияны» дебат			
Мектептегі тәртіпті қадағалау Сабақтан кешіккен, сабақтан себепсіз қалған оқушылар	Ақпан	Жиналыс Хаттама	Ата-аналар
Жас ұлан ұйымының жұмысының жүргізілуі туралы есеп беру	Мамыр	Жиналыс Хаттама	Ата-аналар

Сканировано с CamScanner

Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РО) жанындағы интернат

«Жас қыран », «Жас Ұлан »

балалар мен жасөспірімдер ұйымының

2022-2023 оқу жылында атқарылған

жұмыстың жылдық мәтіндік есебі.

2022-2023 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РО) жанындағы интернат «Жас қыран », «Жас Ұлан » балалар мен жасөспірімдер ұйымының 2022-2023 оқу жылының атқарылған жұмысының жылдық мәтіндік есебі.

Негізгі мақсаты:

«Жас қыран», «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының негізгі мақсаты оқушылардың қоғамдық әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

«Жас Ұлан» ұйымының қалыптасқан жұмыс жүйесін дамыту, ұйым мүшелерін жаңа игі істерге жұмылдыру, ұйымшылдыққа, белсенділікке тәрбиелеу, адамгершілікке, мейірімділікке баулу, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуға үйрету мақсатында тәрбиелік мәні бар шаралар ұйымдастырылуда. Болашақта біз тәуелсіз мемлекетімізді алып елдің қатарына қосып, елбасы айтқандай, Азия барысына айналамыз.

Осындай үкілеген ұлы үміттерге біздің жастарымызды «Жас Ұлан» ұйымы алып барады.

2022-2023 оқу жылында атап айтқанда, оқушылармен жұмысты айқындауда сынып жетекшісімен жүргізілетін шараларды жүргіздім.Олар:

Оқушы туралы мәліметтерді біліп және баланың ұжымдағы орнын анықтадым.

«Жас қыран», «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұраны, өз эмблемасы, жарғысы, құрылымы жасалған. «Жас қыран», «Жас Ұлан» ұйымы мынадай тәрбиелі бағыттар бойынша апта күндерінде жұмыс жасадық. Олар:

Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмыстарын дамыту, адамгершілік – эстетикалық тәрбие, құқықтық тәрбие, мәдениеттілік пен имандылықты қалыптастыру, салауатты өмір салты, интеллектуалды – танымдық тәрбие. Атап айтқанда, осы бағыттар бойынша оқу жылына дейінгі аралықта бірнеше жұмыстар атқардым.

Сканировано с CamScanner

05-16.09.22ж аралығында Тілдер мерекесіне орай «Тіл-татулық тірегі» атты онкүндіктің ашылуы өтті.

Мақсаты: Жас ұрпақты ана тілінің қадір-қасиетін түсіне білуге шақыру. Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына байланысты, ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүюге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу. Оқушылардың танымдық деңгейін дамыту.





Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РО) жанындағы интернат мұғалімдері мен оқушыларының ұйымдастырылған барлық іс – шараларға белсене қатысуымен 2022-2023 оқу жылында «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымының жұмысы жоспарға сәйкес толық орындалды.





Әр дүйсенбі сайын өтетін лездемеде 1-11 сыныптар арасында Қазақстан Республикасының әнұраны орындалып, саптық жиын өтті. Отбасы күніне арналған «Отбасы-бақыт мекенім» атты тақырып бойынша 4 «А» және 3 «Б» сынып оқушылары саптық жиынға жоғары дәрежедегі дайындықпен келіп, өз өнерлерін корсетті.Саптық жиын барысында 5-қыркүйек Қазақстан халқы тілдер күніне және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Тіл

Сканировано с CamScanner

мерекесі –ел мәртебесі» атты шығармалар байқауында жеңімпаз атанған оқушылар марапатталды.






2022 жылдың 20-22 қыркүйек күндері аралығында «Денсаулық сандарына жет!» атты ұранымен Денсаулық фестивалі өтті.Денсаулық фестивалінің мақсаты: оқушылардың белсенді өмір салтын жүргізуге назарларын аудару, денсаулық үшін қимыл белсенділігінің артықшылықтары туралы хабардар болуын арттыру. Фестивальге мектебіміздің 5-11 сыныптың оқушылары қатысты. Фестиваль мектептің сыртқы спорт алаңында қатысушылардың сапқа тұруынан басталып, ҚР-ның Әнұраны орындалды. Мектеп директоры Бакаев Дат Бақтығалиұлы фестивальдің ашылуымен құттықтады. Денсаулық фестивалі барысында мектеп медбикесі Салимбаева Ж. дене белсенділігі , салауатты тамақтану , дене салмағының өлшемі, шылым шегу зияны , жүрек-қан тамыр жүйесі туралы ақпарат берді.Жарысқа қатысқан оқушылар арнайы марапаттауға ие болды.Денешынықтыру пәнінің мұғалімдері. Мектебімізде нәзік жандар, әсем арулар тақырыбына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында қыздар жиналысы өтті. Күн тәртібіне сәйкес барлық мәселелер қаралды, таныстырылды, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жауапты: Бекишева Р.О.






Сканировано с CamScanner

1 қазан – Қарттар күніне орай «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында сурет кермесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіре отырып, үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету ата – бабадан келе жатқан салтымыз екенін дәріптеу.



«Ұстаз – мектептің жүрегі» атты мектебімізде ұстаздарға арналған онкүндіктің жоспары құрылып, бекітілді. Мақсаты: Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әркашан бағалай білуге үйрету.










Сканировано с CamScanner

25 – қазан Республика күніне арналған іс – шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Мақсаты: Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету.Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру, Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.








«Қазақстан – туған елім, ұлы

5-11 сынып оқушыларынан Республика күніне арналған



1 – 10 сынып оқушылары арасында «Сыбдыры сұлу – Алтын күз» атты жоспарға сай тек мерекелік іс – шара өткізілді. Барлық сыныптар тақырыпқа сай жоғарғы дайындықпен келді.










Сканировано с CamScanner



Мектебім е күзгі каникул кезінде 2-4 сыныптар арасында «Ыбырай оқулары» с . Іс-шарамыздың мақсаты: Дала қоңырауы атанған, ұлтымыздың ұлы ұстазы кемеңгері туған елінің тұңғыш педагогы, ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсарин т әдеби мұрасын оқи отырып, рухани байлығымызды арттыру. Оқушылар тарага өте белсенді қатысты. Оқушыларымыз дипломдармен және сертификат мен марапатталды.





Аудандық тар ресурстық орталығының теолог маманы Қ.Б.Маханбетчин 9-11 сынып ыпылармен «Діни экстремизм және оның алдын алу жолдары» тақырыбы әріс оқыды.

Мақсаты: ыпыларға экстремизм, терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себ ері мен зардаптарын ұғындыру.







2022 жы ың қараша айының 16-сы күні Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РС ындағы интернатта Мектеп Президентінің сайлауы өтті.Өзін-өзі басқару ұйы ының басшысына дауыс беру бекітілген ережелерге сай дауыс беру

Сканировано с CamScanner

арқылы жүргізілді. Мектеп Президенттігіне үміткер ретінде 8-10 сынып оқушыларынан бес үміткер тіркелген болатын. Үміткерлердің әрқайсысы өз сайлауалды бағдарламаларын оқушыларға таныстырды. Осы тұрғыда әр үміткер өз ойын анық айтып, оны аргументтер арқылы дәлелдей алғанын, көшбасшылық қасиеттерін көрсете білгенін атап өткен жөн. Есеп жүргізген комиссияның шешімі бойынша ең көп 89% даусты 10 сынып оқушысы Базилова Назерке жинап, 2022-2023 оқу жылына өзін-өзі басқару ұйымының Президенті болып сайланды. Сонымен қатар әр сала бойынша министрлер тағайындалды.




Бүкілдүниежүзілік СПИД-пен күрес күні аясында мектептің жұмыс жоспарына сәйкес мектеп медициналық қызметі Тугельбаева Венера Мұратқызы 8-11 сынып оқушылары арасында «АИТВ-тасыр дерті» атты тақырыпта дәріс өткізді. АИТВ-ның алдын алу және одан сақтану шаралары жайлы толыққанды ақпараттар берілді. Сонымен қатар қазіргі қалыптасқан эпидемиологиялық жағдай жайлы, АИТВ-ның алдын алу жолдары, Стигма, дискриминация жайлы ақпараттық танымдық парақшалар таратылып, сұрақтарға толыққанды жауап берілді.

Әр дүйсенбі сайын өтетін лездемеде 1-11 сыныптар арасында ҚР-ның Гимнінің орындалуымен саптық жиын өтті. Саптық жиын барысында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мен «Тарих толқынында» атты тарихи сауаттылық апталығының ашылуы өтті.

Сканировано с CamScanner

Жауаптылар: «Өзін өзі басқару» ұйымы, 7 «Б» және 6 «Б» сыныптары.




Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің,

Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің

Бүгінгі бар әлемге даңқың жетті.

Тәуелсіз Қазақстан-елім менің – дей келе мектебімізде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында Республикалық Бірыңғай «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті. 1 сыныптың 28 оқушысы қабылданды. «Жас Қыран» ұйымына қабылданған оқушыларға туымыз түстес көгілдір галстук және төсбелгілерін мектеп директоры, мектеп ұстаздары және өзін –өзі басқару ұйым мүшелері, мектеп президенті тақты.Сонымен қатар оқушыларға сертификаттар табысталды. Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын.

Қаңтар айында 9-11 сыныптар арасында “Менің болашақ мамандығым” тақырыбында тәрбиелік іс-шара өтті.1-4 және 5-7 сынып арасында “Мен және менің полициям” тақырыбында сурет көрмесі мен шығарма жазу сайысы өтті.Ең үздік жазылған шығарма мен салынған сурет салушы оқушылар марапатталды.

8 сыныптар арасында “Интернеттің пайдасы мен зияны” дебат жасалынды. Ақпан айында оқушылардың күнделіктері тесеріліп, анықтама жасалынды. Мектепішілік спорттық жарыстар өткізілді. Сонымен қатар әр апта сайын мектептің тәртібі мен оқушылардың кешіккен, сабақтан себепсіз қалған оқушыларды анықтап сынып жетекшілерге ескертілді.Наурыз айында 7-8

Сканировано с CamScanner

сыныптар арасында “Қыз өссе-елдің көркі” атты тақырыпта қыз сыны байқауы өтті.Қатысқан оқушылар номинациямен марапатталды.

22 наурыз “Ұлыстың ұлы күні-әз Наурыз” мерекесінде барлық сынып ұлттық дәмдеріміздеп мерекелік стол жасап, тәрбиелік іс-шаралар өтті. Сәуір айында апта сайын сенбілік жасалынды. 12 сәуір Ғарышкерлер күніне орай лездеме өтті.

Мамыр айында 1 мамыр-ұлттар күніне орай қабырға газеті жасалынып, сыныптарда сынып сағаты өтті.

7 мамыр Отан қорғаушылар күніне ұйым мүшелері саптық жиын ашып, құттықтау өлеңдерін оқыды.

9 мамыр жеңіс күніне орай құттықтау челленджі түсіріліп, сынып сағаттары өтті.Қабырға газеті жасалынды.



Мектеп Президентінің ұйымдастыруымен әр ай сайын отырыс өтіп отырды.

«Жас қыран», «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы 2022-2023 оқу жылында тірек мектеп жанындағы интернат директорының міндетін атқаруды бекіткен жылдық жоспарға сәйкес жылдық тәрбиелік жұмыстар жүргізілді.

Сканировано с CamScanner